

Қамысты ауылдық округі

Қамысты ауыл округі 1928 жылы байлар конфескіленіп, олардың мал – мүліктері кедейлер мен батырақтарға, коммуналарға бөлініп берілген.

Алғашқы ауылшаруашылық коммуналары қазіргі Қамысты селолық кеңесінің «Желғалақ», «Өтәлі» деген жерлерінде құрылған. Желғалақтағы коммуна «Интернационал» деп аталып, оның председателі болып Иван Васильевич Козыров жолдас сайланған. Коммунаның 4 бригадасы егін салып, төрт түлік мал өсірген.

Кеңес өкіметі құрылған алғашқы жылдардан бастап, 20-шы жылдардың аяғында жерді бірлесіп өңдеу бірлестіктері құрылып, жұмыс жасай бастайды. 1930 ж. басында осы өңірде Интернационал, 1Май, Алғабас, Ағарту, Тегісшіл деп аталатын 5 колхоз өмірге келді. Тегісшіл колхозында Молдашев, Ағарту Айтқали Мұқанов басқарма болып қызмет атқарған.

1931 жылдың күзінде Жәнібек және Кайсацк МТС-тары құрылды.

1932 ж. шөп шабу отряды ұйымдастырылып, колхозды мал азығымен қамтуға жәрдемдеседі. 1934 ж. аталмаш отрядтың негізінде Кайсацк машина – трактор станциясы құрылып, қазіргі совхоз орталығынан жасақталған Кайсацк МТС Интернационал, 1-ші Май, Алғабас, Ағарту, Жігер және Коминтерн колхоздарына қызмет етеді. Селолық совет председателі Бимашев Мұханбетқали болды. «Ағарту» колхозында 7 жылдық мектеп-интернат, дүкен, кітапхана, 100-ге жуық тұрғын үй болды.

1932-1933 жж. ашаршылық жылдарынан соң, халақтың тұрмысы көтерілді.

Қазіргі Қамысты бұрынғы Калинин совхозының орнында 1961 жылдан 1990 жылға дейін аталған Кайсацк машина-трактор станциясы жұмыс істеді. «Ағарту» колхозында алғашқы «УД-2», «СТЗ», «ХТЗ» дөңгелек және шынжар табанды керосинмен жүретін тракторлар болды.

1935-1936 жылдары тракторлар көбейе бастады. МТС колхозға 3 трактор бригадасын құрып, дала қызметтерін атқару үшін берді. Бригадир Гильманов Арыстан, еңбек екпіндісі - Ситалиев Рахим, Негметов Сираж, Айдналиев Қадыр, Қабетенов Ғазиз болды.

1936-1937 жж. Жәнібек - Қамысты - Борсы бағытына байланысты телефон байланысы орнады. Қоныспаев Қ., Неғметов Т., Оспанов Ж. Деген азаматтар 1950-1976 жж аралығында телефон байланысында қызмет атқарған.

1938-1943 жж. «Ағарту» колхозында председатель болып Ахмолдин Файзолла, Алмамбетов Халел, Қалиев Қитар жұмыс істеді. Колхозда 60-70 бас ірі қара, 300 басқа жуық қой болды. Қолмен, пұлықпен жерді өңдейтін, тұқым шашатын дала қосы бригадасы Саралжында жасақталды. Оның бригадирі –Ақышев Ашу, жұмысшылары - Жұмақаев Батан, Ақышев Елеусін, Мұқатов Айтқали. Колхозда қой сауып, оның сүтінен брынза жасап, тапсырды. Озат сауыншы-Ақышева Жұмаеке болған.

Соғыс жылдарында ерлер майданға кетіп, ауылдағы әйелдер мен балалар дала бригадасын құрып, қолмен егін егіп, пұлыққа өздері жегілді. 1941 жылы егін шықпай, халық әйелдері күндіз далада, қырманда жұмыс істеп, түнде майдандағы ерлерге носки, қолғап тоқыды.

1953 жылы колхоздарды ірілендіру процесі басталды. «1 Май», «Алғабас», «Интернационал», «Ағарту» колхоздары біріктіріліп, «1 Май» колхозы деп аталды. Орталық «Интернационал» колхозында құрылды. Ағартудағы 7 жылдық мектеп директорына Даришев Мұхамбетжан Каюмұлы тағайындалды. Көп жылғы еңбегінің барысында «Заслуженный учитель Казахстана» атты марапатқа ие болды.

1954 жылы тың жерлер игеріліп, егістік 2-3 мың гектар жерден 10-12 мың гектар жерге ұлғайтылды. Колхоз председателі 1 Май колхозында-Темешев Сапи, парторгі-Сарсенғалиев Бакар (соғыс ардагері) болды. Сағаден басқарған ірі қара фермасында 1569 бас сиыр, ферма меңгерушісі Өтебалиев Мұқантай басқарған қой фермасында 6754 бас қой, ферма меңгерушісі Жаналиев Абот басқарған түйе фермасында 55 бас түйе, ферма меңгерушісі Нұрғалиев Хамидолла басқарған қоян фермасы, ферма меңгеруші Шалабай басқарған құс фермасында 1703 құс болды. Есепші- Сариев Қамаштеген кісі болатын. МТС директоры тың игеруші Владимир Иванович Гуров, партия секретары- Курамшин Боранбай болды.

1958 жылы жүгері өспіруден аудан бойынша I орынға ие болды. Бидай, жәшімен, тарыдан жоғары өнім жинап, Май колхозы миллионер атанды. Сол жылдары сауыншы - Шетимова Мүніш, шопан - Еслямова Күміс, тракторист-Машев Қуаныш еңбек озаттары болған еді.

1958 жылы 1 Май колхозы Мәскеу қаласына ВДНХ-ға делегат парторг Сарсенғалиев Бакар және колхоздың председателі Тимешев Сапи ВДНХ күміс медалімен марапатталды. Сонымен бірге агроном Никулин алма, алмұрт, шие, өрік өсіріп, жеміс бағы салынды. Колхоз председателі және делегация мүшелері Есләмов Нұртаза мен Сараханов Үмітай сияқты шопандарға колхозға сіңірген еңбегі үшін «Ленин» орденімен марапатталады.

1 Май колхозында аудан бойынша ең үздік үлгімен салынған «Мәдениет үйі» бой көтерді. Ол 150 орындығымен қатар жақсы жабдықталған еді.

1959 жылы 1 Майдағы 7 жылдық мектеп Кайсацк МТС-гі Кайсацк 8 жылдық мектебі болып ауыстырылды. Колхоз Жаңатұрмыс, Калинин, 1 Май біріктіріліп, «Калинин» атындағы колхоз деп аталды.

1961 жылы Кайсацк МТС-і тарап, оның орнына Калинин атындағы совхоз құрылды, қазіргі «Қамысты» орны. 1961 жылдан совхоз директоры Өтепқалиев Мұқамаш болды. 1964 жылы совхоз орталығында 2 этажды үй мен 2 этажды орта мектеп салынды. Совхоз жаңа техника алып, егістік жердің көлемін ұлғайтты. Екіншілік жылдарында 1 гектар жерден 20-25 центнер өнім алынды. Совхозда қой және егін шаруашылығы өркендеді.

1964 жылы наурызда № 3 ферма және № 2 ферма Калинин болып бөлінді. Сол кезде совхозда 19 мың бас 4 қойдан болды және жыл аяғында еңбекшілерге бидай, 5-15 тиын нанға ақша берілді.

1964-1965 жж. жоғары өнім болып, гектарына 20-25 центнерден өнім алды. Еңбек озаттары –Құрмашев Сақыпқали Қызыл Ту орденімен және Ленин орденімен, Слободской Иван - Ленин орденімен, Қадіралиев Әділ, Дәулетов Ғазиз - Қызыл Ту орденімен, III дәрежелі Еңбек Даңқы, Дишенов Ахмет, Абатов Хамит III дәрежелі Еңбек орденімен марапатталған.

1961-1970 жж. аралығында Калинин совхозы орталығында құрылыс қанат жайды. 3 орталық көше, Ниетқалиев көшесі, контор, асхана, МТМ үйі, комбайн боксы, тұқым қоймасы, механикаландырылған қырман, 1974 жылы суландыру жүйесі, көшелерге жарық шамдары орнатылды. 1975-1976 жж. алты кашар комплексі салынды.

1973 жылы совхоз директоры қызметін – Прашев Сағат, парторг қызметін – Ханзалиев Кайрат атқарды.

1974 ж. көшелерге жарық орнатылды.

1976 жылы «Жаңатұрмыста» жас шопандар бригадасының бригадирі-Ерешев Мұрат, мүшелері-Ажығалиев Қайсағали, Төлешқалиев Боранбай, Қайбалиев Оразбай, т.б. «Ұшқын» бригадасының құрамында болды.

1982 жылы Тегісшіл бөлініп шықты. 1983 жылы совхоз директоры Кисиков Мұхтар болды. 1983 жылға дейін совхозда 3 ферма болды. № 1 ферма совхоз орталығында меңгерушісі Абулхалықов Б., № 2 ферма- 1 Май, № 3 ферма- Тегісшіл, меңгерушісі- Бахтияров Л. Болды.

1983 жылы комсомол жастарының қой бригадасы құрылды. 1984 жылдан 1988 жылға дейін совхоздың өз плантациясы болып, кртоп, қияр, орамжапырақ, редиска, пияз, т.б. дәнді-дақылдар өсірді. Плантатор – Королевский Иван, Белекеев Кенжеғали болды. 1986 жылдан шаруашылық басшысы Қажығалиев Каким, парторг – Өтеғалиев Бұрқан болды. Өтеғалиев Бұрқан қазіргі таңда ауыл әкімі.

1986 жылы мәдени және демалыс паркі «Самал», ал 1987 жылы «Жеңіс» спорт стадионы салынды.

1988 жылы полеводство және животноводство болып, 2 звеноға бөлінді. Полеводстваның басшысы -Тұрдалиев Қайрат, звено басшысы Өтепқалиев Асылбек болды. 1989 жылы орталық көшелер асфальтталынды.

1990 жылы осында бірінші аудандық спартакиада өтіп, совхоз командасы I орын иемденді. Совхоз комсомолы басшысы - Өтебалиев Сәлім, спорт тренери – Оспанов Ғибрат болды. 1990 жылыдан бастап су системасы тұрғызыла басталды. Осы жылы Қазақ ССР ауыл шаруашылық министірлігінің қаулысымен совхоздың қой фермасы асыл тұқымды ферма болып бекітілді. Шопандар- Досқалиев Дияр, Батырғалиев Ербол, Жаппасбаев Берік, малшы- Борашев Ғимрат, Қыдыров Ибрайым.

Полеводстводан еңбекте озат комсомол атанғандар: Иксанов К., Имашев Қ., Сариев С., Өтебалиев Е.

Қамысты жерінің атаулары туралы аңыз

Қамысты өңіріндегі ақылшы-ұстаз болған адамдардың бірі – Дәулетова Сәуле апайдың айтуынша, бұл жер бұрын ну қамысты көлді болған. Көлінде үйрек, қаз сияқты құстар мекендеген. Бертін келе көлдің суы тартылып кетіп, тек қамысы қалған. Сондықтан осы жер «Қамысты» деп аталған.

Қамысты (Утешев Темірғали 1919 жылы туған айтқанынан). Осы жерде үлкен көл болған. Соның ішінде қамыс өскен. Осы жерде Утәқайдеген бай болған.

Саралжында 1930 жылы зират пен екі арада «Ақмешіт» деген жер болған. Мешіт ұстаған адам – Ғилаж Ақмади.

Интернационал - Желқалақ (желмен су айдайтын қалақ болған, қалақпен астауларға су жинап, мал суарған)

Жаңатұрмыс, Мәстек, Домалақ, Қорған, Қоңырсай, Сартабан – киелі жерлер. Сол жерлерде Әлішбай деген бай тұрған. Әлішбай алтын көміп, кейіннен оны таба алмаған

Алғабас – Бияшев Гакаш, Мусин Қапан, Ниетқалиевтердің туған жерлері. Шаруасы жүрсің деген ниетпен айтылған.

Бозбас – Ысқақовтар әулетінің атасы (Бозбас).

Хантүскен көл – Ордадан үш ат жегіп шыққан ханның келіп түскен жері.

Шәңгерей көлі – Шәңгерей ханның түскен жері.

Тұяқ – (Мәмбеталиевтердің атасы тұрған жер)

Асима – сол жерде Орат ата (әулие) деген кісі тұрған. Осы жерлі «Асима терегі» деп те аталады. Асима деген әйел болған еңбекқор, ақылды, қайратты. Сол кісі терек отырызған, көленкесіне бір отар қой көлеңкелеген.

Қамыстыда қасиетті Орат ата бар (академик Ғ.Х.Ерғалиевтің атасы)

Жыланды – көлінде жылан көп болуына байланысты айтылған.

Қазыкей ауылы - (қазіргі Қамысты ауылы) Қазыкей молла болған, медресе ұстаған.

Өтәлі қыстауы. Домалық- осы жерде Әліш деген бай алтын көміп кетеді. Совет үкімет кезінде экспедиция келіп қазып, қазынаны таба алмай кетеді.

Ұзынкөл өңіріндегі елді мекендер

Мұратсай- ертеде сол жерде еліне қайырымды Мұрат есімді бай өмір сүрген көрінеді. Ол бау-бақша егіп, мал ұстаған, жарлы жақыбайға көмектескен.

Көк үй – елді-мекенінде революцияға дейін, ұзақ жылдар бойы «Коняй» есімді бай адам отырған, алғаш ағаштан үлкен үй салдырып, көк түспен сырлаған, сол түсіне байланысты аталған.

Кондивин – елді пункті (қазіргі Нығмет ауылы) ертеректе колхоз ауылында Крупская колхозының жері болған, бірнеше үйлері болған. 20 ғасырдың бас кезінде Ресей Қазақстанды отарлауды жедел қарқынмен жүргізе бастаған. Осындай саясаттың нәтижесінде алғаш көптеген орыс жанұялары келіп қоныстанған. Сол кезде осы жерде М.Н. Кондивин есімді орыс ұзақ жылдар тұрып, бау-бақша салып отырған. Сол кісінің есімімен аталып кеткен. Соңынан ұзақ жылдар Н. Қуанышқалиев ағамыз осы жерде қоныстанып, колхоз қойын бағып тұрды. Қазір балалары жеке шаруамен айналысып отыр.

Инженер. Еңбекші бөлімшесіне қарасты Инженер пунктінде соғысқа дейін Москвадан мұнай-газ қорын іздеуші экспедиция жыл сайын келіп, барлау жұмыстарын жүргізіп отырған. 1941 жылы соғыс басталып экспедиция келуін тоқтатқан.

Абдолла. Абдолла есімді бай тұрған, сол кісінің есімімен аталып кеткен. Қазір Рахматуллин Мұхтардың балалары жеке шаруамен айналысады.